



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІ: ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ БАРШАҒА ОРТАҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Көші-қон саясаты тұжырымдамасының негізгі ережелерін түсіндірді.

(Жалғасы 3-бетте)



ҰСЫНЫС. ПІКІР. ТАЛҚЫ.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ ЖЕТІЛДІРУ АСА ӨЗЕКТІ



Ә. ЖҮКЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының бұрынғы төрағасы, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

Мемлекеттегі демократия деңгейі, адам құқықтары мен бостандықтарының нақты сақталуы қылмыстық іс жүргізу жағдайына тікелей

байланысты екені белгілі. Соның ішінде кінәсіздік презумпциясын қатаң сақтауға негізделген әділетті және бейтарап сот құқықтық мемлекеттің тірегі ретінде қызмет етеді, демократиялық институттарды нығайтады, экономикалық дамуға ықпал етіп, соның нәтижесінде қоғамның билікке деген сенімін қалыптастырады. Ал керісінше тәуелді және сыбайластық пен жемқорлыққа шырмалған сот төрелігі әділдік негіздерін әлсіретеді, билікті теріс пайдалануға жол ашып, адам құқықтарының бұзылуына ықпал етеді. Бұл сәйкесінше елдің экономикалық өсуін тежеп, елге қаржы салғысы келетін инвесторларды қорқытады және азаматтардың сот жүйесіне ғана емес, жалпы мемлекетке деген сенімін төмендетуге түрткі болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қылмыстық-процестік кодексі судьялардың тәуелсіздігін қалыптастырып, кінәсіздік презумпциясы мен адамды озбырлықтан, негізсіз айыптаулардан, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауға арналған басқа да негізгі қағидаттарды белгілейді. Алайда, күнделікті тәжірибедегі құқық қолдану практикасы бұл нормалардың әрдайым сақтала бермейтінін, өмірде толыққанды көрініс таба алмайтынын көрсетіп отыр.

(Жалғасы 2-бетте)



СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Азат ІЗБАСАРОВ, Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы:

«СУДЬЯ ҮШІН ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫНАН АРТЫҚ МАРАПАТ ЖОҚ»

– Соттың беделі – мемлекеттің беделі. Елдегі әділет пен туралықтың кепілі болғандықтан, сот саласына артылар салмақ та, жүктелер жауаптылық та жоғары екені белгілі. Батыс Қазақстан облыстық соты бұл үдеден шыға алып отыр ма?

– Зайырлы, дамыған мемлекетте азаматтардың құқығы мен бостандығының сапалы қорғалуы басты орында тұрады. Ал заң үстемдігі орнап, тараптар теңдігіне қол жеткізуде соттың рөлі орасан. Төрелік алаңындағы әрбір істің дұрыс сарапталып, әділ түйінделуі сотқа деген сенімді нығайтады. Бүгінгі біз бағдар етіп отырған реформалардың да басты мақсаты – отандық сотқа деген оң көзқарасты орнықтырумен тікелей байланысты.

Бедел мен абыройдың бірден қалыптаспайтыны сияқты, сенімді нығайтудың формуласы күрделі. Ол ең алдымен сот жұмысының сапасына, ашықтығына, түпкі нәтижесіне негізделген. Сонымен бірге, сот мамандарының әдеби мен біліктілігінен бастап, судьялардың сауаттылығы мен кәсібилігіне байланысты халықтың да жүйеге қатысты оң көзқарасы орныға түседі. Біздің бүгінгі жұмысымыздың бәрі нәтижесіз емес. Батыс Қазақстан облыстық соты да сот төрелігінің сапасын арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау бағытында кешенді шаралар қабылдап, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды Цифрандыру және жасанды интеллект жылы деп жария-

лады. Мұндай бастама барлық саланың жұмыс ырғағына жаңашылдық әкелері даусыз.

– Әрине, цифрландыру мен жасанды интеллект жетістіктерін меңгеру бүгінгі заманның басты ұстанымы. Президент жақында «Түркістан» газетіне берген сұхбатында бұл бастаманың мақсаты мен маңызына жан-жақты тоқталып: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы» дей келе, мемлекеттің алдағы бағыт-бағдарын нақты айқындап берді.

Расында цифрлық үдерістен сырт қалған елдің өркениет көшіне ілесе алмайтыны қазірден-ақ белгілі. Осыған орай елімізде «Жасанды интеллект туралы» заң қабылданып, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Сәйкесінше сот құрылымы да цифрлық даму үрдісіне айрықша көңіл бөліп келеді. Сот қызметінің басым бөлігі жаңа технология көмегімен онлайн көрсетілуде. Жасанды интеллект жаңашылдықтары да сала жұмысына серпін берері талассыз. Қазірдің өзінде сот жұмысын жеңілдетіп, судья қателіктерінің алдын алу үшін жасанды интеллект көмегіне жүгініп, робот-судьялар тәжірибеге енгізілуде. Бүгінде барлық сот істері толығымен электрондық форматта қалыптастырылуда. Бұл процестерді жеделдетіп қана қоймай, оларды ашық және қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

(Жалғасы 5-бетте)

4-БЕТ



Әділдік
өркімнің жүрегінде

6-БЕТ



Инвесторлар
құқығы
қорғалады

8-БЕТ



Банкирдің өлімі

ҰСЫНЫС. ПІКІР. ТАЛҚЫ.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ ЖЕТІЛДІРУ АСА ӨЗЕКТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде барша азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігін (14-бап), судьяның тәуелсіздігі мен сот төрелігін жүзеге асыру ісіне қандай да бір араласуға жол бермеу (77-бап) секілді сот процесін ретке келтіруге және сауықтыруға бағытталған елеулі заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдау аса өзекті.

Менің ойымша, қылмыстық сот ісін жүргізу процесі кінәсіздік презумпциясын, тараптардың нақты теңдігі мен шынайы бәсекелестігін, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық басқа да негізгі принциптерін сөзсіз және қатаң сақтауға негізделуі керек. Ол қазіргі заманғы технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын тиісті жаңартуды, оның ішінде Қылмыстық-процесте бірқатар негізгі ережелерді бекітуді қажет етеді.

Біріншіден, сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық процестің дербес, соттан оқшауланған кезеңі ретінде қарастырылмауға тиіс. Бұл қылмыстық қудалау органының жеке-дара «шындықты айқындауына» алып келеді. Оның шынайы мақсаты – сот процесіне дайындалу, осы процесс барысында айыптау және қорғау тараптары дәлелдемелерді тек соттың кейіннен зерттеуі үшін жинайды және қорғайды (қорғаушы тарап күдікке қарсы шықпайтын жағдайларды қоспағанда).

Екіншіден, сот әділдігіне сай оқиғаны мән-жайын анықтау, адамды кінәлі немесе кінәсіз деп тану және кінәлі адамға қылмыстық жаза тағайындау – бірінші сатыдағы сотта, ал заңда көзделген жағдайларда – апелляциялық сотта жария, ашық және шынайы бәсекелестік жағдайында жүзеге асырылуы тиіс.

Үшіншіден, заңды күшіне енген үкім немесе өзге де сот актісі кідіріссіз және талапқа сай сапалы орындалуға тиіс. Оларды қайта қарау жаппай сипат алмауы керек. Әрі сот актілерін қайта қарау формалды сипатта болмауы тиіс. Заңды күшіне енген сот актісі заңда тікелей көзделген ерекше жағдайларда, құқықтық тұрақтылық пен сот билігіне деген сенімнің кепілі ретінде қайта қаралуы тиіс.

Түптеп келгенде, судьялардың тәуелсіздігін нақты қамтамасыз ету үшін және сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерін жою үшін судьяның тәуелсіздігіне қол сұғушылық, сотты құрметтемеу және соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласу әрекеттерінің кез келгеніне қатысты жауапкершілікті барынша күшейту қажет. Мұндай талаппен қатар судьялардың өздерінің сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру маңызды. Сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлыққа және сыртқы қысымға қарсы күрес шараларын қабылдамағаны үшін де судьялардың жауаптылығын көтерген орынды.

Сотқа дейінгі тергеу қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі негізгі функцияны орындау құзыретіне ие. Оның басты міндеті қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жедел, жан-жақты және толық ашу, сондай-ақ қылмыстық істі сот талқылауына дайындау мақсатында тиісті тергеу жүргізу болып табылады. Дәл осы кезеңде айыптау және қорғау тараптары сотқа дәлел ретінде ұсынылатын нақты деректерді тиянақты жинауы керек.

Осы тұрғыдан алғанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың қазіргі қолданыстағы тәртібі түбегейлі қайта қарауды қажет етеді деп санаймын. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміндегі (СДТТБТ) тіркеу институтын жаңғырту кезек күттірмейді. Қылмыстық процестің осы кезеңін реттейтін Қылмыстық-процестік кодексе нормалары да жетілдіруді қажет етеді. Себебі оларда нақты регламенттелген тіркеу рәсімі жоқ, оны жүзеге асырудың нақты мерзімдері белгіленбеген, ал СДТТБТ-ға мәліметтерді ен-

гізу үшін қажетті негіздер белгісіз және анық емес тұжырымдалған.

Мұндай құқықтық белгісіздіктің соңы құқық қолдану тәжірибесінде әртүрлі практика тудырып, тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы өз бетінше шешімдер қабылдауға қолайлы жағдайлар туғызады. Сонымен қатар, мұндай шешімдерді көбінесе тиісті процедуралық мәртебесі жоқ адамдар қабылдайды. Ал бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырып, заңға бағынатын, заңнан аттамайтын азаматтар мен адал кәсіпкерлердің қылмыстық қудалау саласына негізсіз тартылуына жол ашуы мүмкін. Яғни, нақтылықтың болмауы мемлекеттегі құқықтық тұрақтылыққа теріс әсерін тигізеді.

ҚПК-нің нормаларындағы олқылықтар салдарынан Бас Прокурордың бұйрығы деңгейінде – тіркеудің қосымша ережелерін мәжбүрлеп енгізу орын алды. Дәл осы акт Ақпаратты есепке алу кітабы (АЕАК) ұғымы бекітіліп, оның мәртебесі мен қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу процесіндегі рөлі анықталды. Алайда, мұндай тәсіл орынды күмән тудырады, өйткені адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын іс жүргізу ережелері тек заңға тәуелді ережелермен емес, нақты заңмен, соның ішінде Қылмыстық-процестік кодексімен белгіленуі керек.

Қылмыстық іс жүргізудегі сотқа дейінгі тергеудің басталуы сияқты маңызды кезең құқықтық белгісіздік деңгейінде қалмауы керек. Бұл тетік қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидаттарын қатаң сақтай отырып, Қылмыстық-процестік кодексінде тікелей, анық және жан-жақты реттелуі тиіс және қылмыстық сот ісін жүргізудің іргелі қағидаттарын мүлтіксіз сақтауы керек.

Осыған байланысты Қылмыстық-процестік кодексіндегі бірқатар негізгі ережелерді бекіту қажет деп санаймын. Ең алдымен, қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеудің негізін нақты және біржақты анықтау қажет. Кез келген күмән тіркеу туралы шешімін бас тартуға емес, қабылдауға негізделуі керек. Бұл қылмыстық процестің мақсаттарына сәйкес келеді және өтініш берушілердің құқықтарының нақты қорғалуын қамтамасыз етеді.

Тіркеудің қатаң және міндетті мерзімдерін белгілеу өте маңызды. Мысалы, тиісті ақпарат алынған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей тіркеу нақты бекітілуі шарт. Бұл бюрократияның, процедуралық шешімдер қабылдаудағы кідірістердің алдын алып, тергеуді алдын ала «бейресми» шолумен ауыстыруға жол бермеуге көмектеседі. Сонымен қатар, жаңа құқықтық институт ретінде – ықтимал қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты процедуралық тексеруді енгізудің объективті қажеттілігі бар. Сонымен қатар, орын алуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты процестік тексеруге жол ашатын жаңа құқықтық институтты енгізу қажеттілігі туындап отыр. Мұндай тетік әртүрлі ведомстволық тәжірибе ретінде емес, алынған ақпаратты бастапқы бағалау-

... елімізде бірінші сатыдағы сот негізгі сот органы ретінде қарастырылуы керек. «Кәсібилігі төмен» сот судьяларының қателіктерін жоғары соттар түзетіуі керек деген түсінік тұжырымдамалық, тұрғыдан дұрыс емес. Тийімді және әділ сот төрелігін бірінші және апелляциялық деңгейдегі жоғары кәсіби судьялар қамтамасыз етіуі керек.

дың заңды және ашық құралына айналуы керек.

Процестік тексеруді жүргізу тәртібі де заңмен егжей-тегжейлі регламенттелуге тиіс. Оны сотқа дейінгі тергеу органы қатаң белгіленген мерзімде – үш күнге дейін жүргізуі шарт. Тек прокурордың уәжі қаулысының негізінде ғана бұл мерзім он күнге дейін ұзартылғаны жөн. Дегенмен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына негізсіз араласуды болдырмау үшін мұндай тексеру шеңберінде тек жауап алу, оқиға орнын тексеру және құжаттарды сұрау сияқты шектеулі процессуалдық әрекеттерді ғана жүзеге асыру керек.

Ең бастысы, қылмыстық қудалаудың басталу сәтін заңды түрде анықтау түбегейлі маңызды болып отыр. Бұл аталған тергеу нәтижелері бойынша процессуалдық шешім қабылданған сәт деп саналуы керек. Оны процессуалдық прокурор бекітуі керек. Мұндай реттеу құқықтық сенімділікті қамтамасыз етеді, жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтеді және сотқа дейінгі тергеуді бастау тәжірибесін заң мен әділдік талаптарына сәйкестендіреді.

Жеке тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартумен және оның құқықтары мен бостандықтарын шектейтін шараларды қолданумен байланысты тікелей сотқа дейінгі тергеу механизмі түбегейлі оңтайландыруды талап етеді. Ол анық құрылымдалған және түсінікті нысанда жүргізілуі тиіс. Осы ретте негізгі үш нысанды ғана белгілеу орынды: біріншіден, қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысан; екіншіден, қорғаушы тарап күдікке қарсылық білдірмейтін істер бойынша жеңілдетілген тергеу; үшіншіден, күдікке қарсылық білдірілетін істер бойынша тергеу – айыптау және қорғаушы тараптардың кейіннен сотқа ұсыну үшін нақты дәлелдемелерді бәсекелестік негізде жинауы арқылы белгіленеді.

Теріс қылықтар үшін қылмыстық қудалау механизмінің өзі жүйелі түрде реттелуі керек. Бұл Қылмыстық-процестік кодекске де, Қылмыстық кодекске де өзгерістер енгізуді талап етеді. Қылмыстық кодексте тек қылмыстар үшін жауапкершілік туралы ережелер қарастырылуы керек. Қылмыстық теріс қылықтар үшін жауапкершілікті жеке нормативтік актіге – Қылмыстық теріс қылықтар туралы кодекске шығарған жөн.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша сот үкімі шығарылатын бүгінгі тәжірибе теріс қылықтың сипатына тікелей қайшы келеді, өйткені ол соттылыққа әкеп соқтырмайды. Нәтижесінде қылмыстық жауапкер-

шілікке тартылған адамдардың статистикасы жасанды түрде көтеріледі. Қоғамдық қауіптілік деңгейі бойынша теріс қылықтарды қылмыстармен салыстыру мүмкін емес. Сондықтан да бұл құқықтық тетіктермен реттелмеуге тиіс. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып Әкімшілік іс жүргізу кодексін енгізумен байланысты реформаны аяқтап, «Қылмыстық теріс қылық» және «Әкімшілік құқық бұзушылық» ұғымдарын тұжырымдамалық тұрғыдан ажырату кезек күттірмейді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте мемлекеттік органның сотқа жүгінбей-ақ өз бетінше жаза тағайындауға құқығы бар құқық бұзушылықтары ғана сақталуы тиіс. Керісінше, Қылмыстық теріс қылық туралы кодекске сот шешімін талап ететін әкімшілік құқық бұзушылықтар енгізілуі керек, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар мен кейбір айқын жеңіл қылмыстарды Қылмыстық кодекстен алып тастау керек.

ғана толыққанды қарау үшін сотқа берілуі тиіс. Сонымен қатар, іс сотқа жіберілмес бұрын жаңа міндетті кезең енгізілуі керек. Осы кезеңде айыптау тарапы мен қорғау тарапы өзара ақпарат алмасуы тиіс. Яғни, бұл кезеңде прокурор мен қорғаушы материалдармен алмасады, істі сотқа жіберу перспективаларын, қылмыстық қудалауды тоқтату мүмкіндігін немесе кінәні мойындау туралы келісім жасасуды талқылайды.

Дәл осы жерде жарыспалы сот ісін жүргізу қажеттілігі туралы түпкілікті шешім қабылдануы керек. Мұндағы басым қағида – жарыспалы сот ісін жүргізу үшін өте аз ғана істер берілуі керек, олардың көпшілігі сотқа дейінгі кезеңде шешілуі немесе қысқартылған тәртіпте қарау үшін сотқа жіберілуі тиіс.

Қорғаушы тарап күдікпен келіспеген жағдайда, сотқа дейінгі тергеуді сот отырысына дайындық кезеңіне ауыстыру қажет. Дегенмен, қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексте айқын теңгерімсіздік сақталған. Себебі, прокурор тергеуді іс жүзінде нақты басқарады, қылмыстық істі тұжырымдайды және оны аяқтап сотқа ұсынады. Соған орай сот отырысы көбінесе сотқа дейінгі тергеудің формалды жалғасына айналады.

Қорғаушы тараптың, әсіресе мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінде жұмыс істейтін адвокаттардың қорғауға енжарлықпен қарауы айыптаушылық бағытты күшейтетінін және кінәсіздік презумпциясы қағидатын бұзатынын мойындауымыз керек. Соның кесірінен қоғамда сотты жазалаушы орган ретінде қабылдайтындар бар.

Сонымен қатар, мұндай істерде қылмыстық іс сот отырысы кезінде тікелей қаралуы тиіс. Сот шешімі тек ашық сот отырысында зерттелген және екі тараптың да белсенді қатысуымен расталған дәлелдемелерге негізделгені дұрыс.

Жарыспалылық жүйесін нығайту мемлекеттік айыптаушылар мен қорғаушылардың кәсіби өсуіне әкеледі, бұл сондай-ақ олардың сот процесіне дайындалуға қатысты жауапкершілігін арттырады. Мемлекет жарыспалылық жүйесі арқылы қаралған әрбір іс сотқа дейінгі кезеңде тиісті бақылауға алынуын және сотта толыққанды мемлекеттік айыптауды қамтамасыз ету үшін процессуалдық прокурорлар санын көбейту қажет.

Сонымен қатар, қорғаушыларға деректерді өз бетінше жинауға және оларды қорғау актісімен бірге сотқа ұсынуға нақты мүмкіндіктер бере отырып, адвокаттардың өкілеттіктерін кеңейту кезек күттірмейді. Кепілдендірілген заң көмегі желісі бойынша істерге қатысатын адвокаттардың еңбегіне төленетін ақыны де айтарлықтай өсіру маңызды. Әсіресе «Жеке детективтік қызмет туралы» заңның қабылдануы адвокаттарға дәлелдемелер жинау үшін детективтік қызметтерді заңды түрде пайдалануға мүмкіндік берер еді.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот практикасы белсенді бәсекелестіктің қажеттілігін айқын көрсетеді. Алқабилердің кәсіби судьялардан айырмашылығы, айыптаушы тарап жасаған іс материалдарымен алдын ала таныспайды және тек сотта тараптар ұсынған дәлелдер мен дәлелдемелер негізінде шешім шығарады. Нәтижесінде мұндай істер бойынша ақтау үкімдерінің деңгейі 10-15 пайызға жетеді, ал әдеттегі процестерде ол ете сирек. Сот процестерінде істердің тек 1%-дан астамына ақтау үкімі шығарылған. Сотқа дейінгі тергеу жүргізілмеген және барлық мән-жайлар сотта анықталатын жеке айыптау істері бойынша ақтау үлесі 40 пайызға дейін жетеді. Бұл сондай-ақ қоғамдық айыптау істерінің бір бөлігін жеке санатқа ауыстыру мүмкіндігін қарастыруға негіз береді. Соның арқасында тергеу органдары мен прокуратура мойнына түсетін жүктеме айтарлықтай азаяды. Бұл сондай-ақ кейбір мемлекеттік айыптау істерін жеке санатқа ауыстыру мүмкіндігін қарастыруға негіз қалайды, нәтижесінде тергеу органдары мен прокуратураға түсетін ауыртпалықты одан әрі төмендетеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, елімізде бірінші сатыдағы сот негізгі сот органы ретінде қарастырылуы керек. «Кәсібилігі төмен» сот судьяларының қателіктерін жоғары соттар түзетіуі керек деген түсінік тұжырымдамалық тұрғыдан дұрыс емес. Тийімді және әділ сот төрелігін бірінші және апелляциялық деңгейдегі жоғары кәсіби судьялар қамтамасыз етуі керек. Сондықтан бұл соттар білікті кадрлармен және қажетті материалдық-техникалық ресурстармен тең дәрежеде қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 80-бабында да талап етіледі, оған сәйкес сотты қаржыландыру және судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджеттен жүзеге асырылады, сондай-ақ сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру жсан-жақты қамтамасыз етілуі тиіс.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІ: ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ БАРШАҒА ОРТАҚ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Оның айтуынша, қазіргі заманда көші-қон саясаты қоғамдағы, экономикадағы және әлемдегі өзгерістердің айқын көрсеткішіне айналып отыр. Сондықтан көптеген елдер өз көші-қон саясатын қайта қарап жатыр. Қазақстан да бұл бағытта нақты қадамдар жасап, көші-қон жүйесін заман талабына сай жаңартып келеді. Ол ашық әрі айқын болып, ең бастысы мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс. Оның айтуынша, қазіргі заманда көші-қон саясаты қоғамдағы, экономикадағы және әлемдегі өзгерістердің айқын көрсеткішіне айналып отыр. Сондықтан көптеген елдер өз көші-қон саясатын қайта қарап жатыр. Қазақстан да бұл бағытта нақты қадамдар жасап, көші-қон жүйесін заман талабына сай жаңартып келеді. Ол ашық әрі айқын болып, ең бастысы мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс.

«Ең алдымен, біз Қазақстан азаматтарының мүддесін қамсылыққа аламыз. Шетелдік жұмыс күші тек нақты кадр тапшылығы бар салаларға ғана тартылады. Көші-қон бағыт-бағдары өңірлер мен нақты жобалардың сұранысына сай қалыптасады», – деді ол.

Бұл ретте басты назар «Заң және тәртіп» қағидатының сақталуына аударылатын болады.

«Заң бәріне ортақ. Сондықтан көші-қон талаптарын бұзғандар жауапкершіліктен сырт айналып кете алмайды. Бұл талап мигранттарға да, жұмыс берушілерге де бірдей қолданылады. Қауіпсіздік елге кіруден бастап, елден шығуға дейін толық қамтамасыз етіледі. Біздің мақсатымыз – Қазақстанға заңды сыйлайтын, мәдениетімізді құрметтейтін адамдардың келуі»,– деп атап өтті министр.

2026 жылғы қаңтардан бастап жаңа тәртіп енгізіледі. Шетел азаматтары, соның ішінде этникалық казактар, алдын ала іріктеуден өтеді. Оған мемлекеттік тілді білу тесті, цифрлық сауалнама, уәкілетті органдардың тексерулері және әңгімелесу кіреді. Мемлекеттік қолдауға үмітті қандастарымыз үшін арнайы тәртіп бар. Мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдау бағдарламаларын пайдалану үшін олар қандас мәртебесін рәсімдеп, еңбек күші тапшы өңірлерге қоныстануы керек. Бұл – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Баты, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Біз отандастарымызды мемле-

кеттік стратегияны ұстануға шақырамыз. Өңірлік квотаға кірген қандастар көшіп келген кезде 5 жылға әлеуметтік келісімшарт жасайды. Мемлекет оларға көшуге, баспанаға және жұмысқа орналасуға көмектеседі. Ал егер отбасы бес жыл өтпей басқа өңірге көшсе, алған көмекті қайтаруға тиіс болады», – деп түсіндірді Аида Балаева.

Сонымен қатар балама жол да бар. Яғни, мемлекеттік қолдаусыз, жалпы тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алу. Бұл жағдайда өңірді өз қалауыңызша таңдай аласыз. Министрдің айтуынша, жаңа көші-қон саясаты кезең-кезеңімен енгізіледі. Қоғамның, бизнестің және өңірлердің пікірі ескеріледі. Заңды құрметтейтін, адал азаматтарға әрдайым басымдық беріледі. Цифрлық құралдар заңсыз әрекеттер мен жалған құжаттарды жоюға мүмкіндік береді.

«Көші-қон мәселесі заңды, қауіпсіз әрі бақылауда болуға тиіс. Тек сонда ғана ол мемлекетіміз бен азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді», деп түйіндеді ол. Айта кетейік, былтыр 15 мыңға жуық этникалық казак қандас мәртебесін алды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

МҰНАЙДЫ ӨНДЕУ ТИІМСІЗ

Қазақстанда 2025 жылы 99,5 млн тонна мұнай өндірілді. Бұл ел тарихындағы рекордтық көрсеткіш болып отыр. Болжам бойынша биыл бұл көрсеткішті 105 млн тоннаға дейін ұлғайту көзделген.

«ENERGY MONITOR» қорының атқарушы директоры Нұрлан Жұмағұловтың айтуынша, Қазақстан әлемдік нарықтағы мұнай бағасына тәуелді болғанымен, АҚШ пен Венесуэла арасындағы жағдайдың оған әсері өте аз. Венесуэла мұнайы АҚШ-қа керек. Сондай-ақ, Венесуэла өзінің мұнай өндірісін шектеуде. Бұл өзге мұнай өндіруші елдер үшін жақсы жаңалық. Жалпы, АҚШ Қазақстаннан мұнай импорттамайды. Біздің экспорттымыз негізінен Еуропаға бейімделген. Бізде мұнай бағасына қатысты 3 түрлі сценарий бар. Пессимистік, орташа және оптимистік. Үкіметтің болжамы бойынша мұнай бағасы барреліне 60 доллардан жоғары болса бізге жақсы. Одан төмен болса Ұлттық қорға және республикалық бюджетке азырақ салмақ түседі. Ал оптималды болжамда бағаның 60-тан жоғары болуы қарастырылған.

«Қазақстанда 1991–2024 жылдары құны 1 трлн долларды құрайтын 2 млрд тонна мұнай өндірілді. Бұл табыс емес, кіріс. Яғни, оның 30 пайызын өзіндік құн, 30 пайызын салық, 30 пайызын табыс құрайды. Өндіріс көлемі 1991 жылғы 26,6 млн тоннадан, 2001 жылы 40 млн, 2011 жылы 80,1 млн, 2021 жылы 85,9 млн тоннаға дейін ұлғайды. Қазақстанда мұнай Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында ғана өндіріледі. Мұнда қазір 95 компания мұнай өндіреді. Алайда өндірілетін мұнайдың 97 пайызы отыз компанияның үлесінде. Мәселен, 2024 жылы Теңіз-шевройлдың үлесі 31,7 пайыз болса, NCOC үлесі 19,9 пайыз, КПО үлесі 13,9 пайызды құрады», – дейді Н.Жұмағұлов.

2024 жылы Қазақстан 26 елге 71 млн тонна мұнай экспорттады. Оның 43,3 пайызы Италия, 10,8 пайызы Нидерланды, 7,4 пайызы Франция, 6,4 пайызы Румыния, 6,2 пайызы Грекияға, 4,1 пайызы Қытайға бағытталды. Осы

арада айта кететін бір жайт, Қазақстанда тәуелсіздік жылдары өңдеу өнеркәсібін дамыту туралы көп айтылғанымен, оны мұнай саласында жүзеге асыруға ешқандай мүмкіндік болған жоқ.

«Мұнай өңдеу бізге тиімсіз. Өйткені көршілердегі бензин, дизел отын бағасы қымбат емес. Мысалы, Өзбекстан метан газбен жүреді. Қырғызстанға да көп керек емес. Ал біздің өңделген өнімдерді Еуропаға жеткізу өте қымбат. Атыраудан КТК құбырымен Қара теңізге 1 тонна мұнай жеткізу 38 доллар. Ал Атыраудан дизель мен бензинді темір жол арқылы цистернамен жеткізетін болсаңыз, тоннасы 100 долларға айналады. Жаңа мұнай өңдеу зауыттарын салатын болсақ өнімді қайда сатамыз деген сұраққа жауап табу қиын», – дейді «ENERGY MONITOR» қорының атқарушы директоры.

Нұрлан Жұмағұловтың сөзіне қарағанда, Қазақстанның экспорттық мұнайының 60 пайызы КТК арқылы өтеді. Баламалы жолдар қарастырылып жатқанмен, олардың үлесі шектеулі. Кейбіреулердің «Украина дрондары КТК құбырын істен шығаратын болса, Қазақстан мұнайдан түсетін табыстан айырылады» деген болжамымен де келісу қиын. Өйткені біз мұнай экспортының 95 пайызын Ресей территориясы арқылы жіберіп отырмыз қазіргі таңда. Ол Атырау-Самара, Ақтау-Махачкала және одан ары қарай Новороссиікке кететін құбырлар. Кейбіреулер балама жол ретінде Қытайды айтады. Алайда Қытайға көп мұнай керек емес. Қазір сондай-ақ, Атыраудан Ақтауға дейін жаңа құбыр салып, Ақтаудан Бакуге дейін танкерлермен немесе Каспий теңізінің астымен құбыр салу бойынша жұмыс тобы құрылған. Алайда оның мөлшері 20 млн тоннадан аспайды. Ал мұнай химиясында әзірге ауыз толтырып айтатын дүние аз, бұл жұмыс енді ғана қолға алынып жатыр. Сондықтан Қазақстан үшін әзірге мұнайды өңдеуге қарағанда, өндірудің маңызы жоғары. Бұл жағдай алдағы 2-3 жылдықта өзгеруі де неғайбыл.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ БАСТАЛДЫ

лапкер «Шығармашылық емтихан» пәндерін таңдаған. Бұл сәйкесінше медициналық және шығармашылық сала мамандықтарына түсуге ниетті талапкерлер. ҰБТ барысында калькулятор, Химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Менделеев кестесі) және тұздардың ерігіштік кестесі тестілеу бағдарламасында қолжетімді болады. Тестілеу аяқталғаннан кейін талапкерлер 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш берген талапкерлердің сертификаты апелляциялық комиссия шешімінен кейін жеке кабинетінде жарияланады. 2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады. Талапкерлер үш міндетті пән мен екі бейіндік пәнді тапсырады.

ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінің 10

тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. Ең жоғары балл – 140.

Тестілеу уақыты 4 сағатты (240 минут) құрайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлер үшін қосымша 40 минут уақыт қарастырылған.

Айта кетейік, қаңтардағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар, шығармашылық білім беру бағдарламаларынан басқа дайындық бағыттарына немесе педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер, өткен жылғы мектеп пен колледж түлектері, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты казак тұлғалар, шетелде білім алған ҚР азаматтары, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Мәжіліс депутаттарының аймақтарға сапары ондағы қауымды толғандырған өзекті мәселелерді өз аузынан естіп, шешімін айқындауға мүмкіндік тудыруда. Осындай жүздесуді жуырда Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Айгүл Құспан, Сергей Пономарев және Айдос Сарым Алматы қаласының халқымен өткізді. Олар сонымен қатар шаһардағы бірқатар әлеуметтік инфрақұрылым және мәдениет нысандарын аралап, олардың тыныс-тіршілігімен танысты.

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА БОЛУ КЕРЕК

Депутат Айдос Сарым жүргізген азаматтарды қабылдау барысында әлеуметтік қолдау, тұрғын үй құқықтары, медициналық көмектің қолжетімділігі, дәрлік заттармен қамтамасыз ету және қаланы дамыту мәселелері көтерілді. Тұрғындардың өтініші бойынша қолданыстағы заңнама шеңберінде түсініктеме берілді, кей мәселелер одан әрі қаралатын болды.

Сергей Пономарев Мұхтар Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық театр ғимаратында болып, нысанның жай-күйімен, биыл қараша айында аяқталуы тиіс қайта жөндеу жұмысының барысымен танысты. Жөндеу жұмысы қазір тоқтап тұр. Сәулет ескерткіші және ұлттық мәдениеттің символдарының бірі болып табылатын театрдың құрылғанына биыл 100 жыл толмақ. Депутат реконструкцияны аяқтау мәселесі республикалық деңгейге шығарылып, объектінің тарихи және мәдени маңыздылығын ескере отырып шешілуге тиіс екеніне назар аудартты. Осы жайлы айта келіп,

– Мұндай нысандар ұлттың мәдени кодын қалыптастырады. Еліміз үшін ерекше орны бар көрнекті мекемелердің құрылысы ұзаққа созылуына жол беруге біздің құқымыз жоқ. Бұл мәселе Мәжілісте көтеріледі, – деді Сергей Пономарев.

Айгүл Құспан Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Алматы облысындағы техникалық және кәсіптік оқу бөлімшесіне барып, бөлімшенің материалдық-техникалық жабдықталу деңгейімен, жеке құрамның қызмет көрсету және оқыту шарттарымен, сондай-ақ медициналық пункттің жұмысымен танысты. Онда ол санитарлық бейіндегі маман даярлау, әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамту және ведомствoarалық өзара іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударды. Өйткені, шекарашыларды жабдықтауға, тұрғын үймен қамтуға, оларға медициналық қызмет көрсетуге қатысты бірқатар мәселелер бар екені шындық. Оның кейбірі, әдетте, бюрократиялық және нормативтік сипатта. Оның барлығы шешіледі. Ең бастысы, шекарашылардың жігерлі болуы, олардың бойындағы патриотизм мен кәсібиліктің жоғары болуы керек.

Мәжіліс депутаттары сондай-ақ «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан Наурызбай ауданының Шұғыла шағын ауданындағы II типті өрт сөндіру депосының құрылысымен танысты. Жаңа депо өрт сөндіру бөлімшелерінің оқиға орнына жету уақытын едәуір қысқартуға, құрылыс қарқынды жүріп жатқан аудан тұрғындарын қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Құрылысы жоспарлы режимде жүріп жатқан нысан 2026 жылдың соңына дейін тапсырылуға тиіс. Осы орайда депутаттар шұғыл қызметтердің дайындығы мәселелері қала тұрғындарының өмір сүру сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты екенін мәлімдеп, осы тұрғыдағы шаралардың тиімділігін арттырудың маңызына назар аудартты.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КЕЗДЕСУ

ҚОҚЫС СҰРЫПТАУ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

Парламент Мәжілісіндегі ЖСДП фракциясының мүшесі Ажар Сағандықова «Астана эко полигоны» қызметкерлерімен кездесті. Онда қалдықтарды басқару жүйесінің дамуы, экологиялық қауіпсіздік пен өңдеу инфрақұрылымының сапасы әңгіме өзегіне айналды.



Ажар Сағандықова полигондағы қалдықтардың топыраққа және атмосфераға елеулі экологиялық қауіп төндіретініне назар аударды. Бұл ретте депутат тұрмыстық қалдықтың ыдырауы кезінде бөлінетін метан газының адам ағзасына аса зиянды екенін нақты мәліметтермен келтірді. Тексеру барысында полигонның екінші бөлігі жобалық қуатына жеткенімен, үшінші бөлігі әлі пайдалануға берілмегені, ал қалдықтар әлі күнге дейін қолмен сұрыпталатыны анықталды.

Депутат сонымен қатар қалдықтарды шығаратын жеке компанияларды бақылау мәселесінің өзектілігін де айрықша атап көрсетті. Қазіргі заңнамаға сәйкес қалдықтарды бөлек жинау міндеттелгенімен, компания-

лар барлық қалдықты бір машинамен шығара беруде. Сағандықова ханым әкімдіктерді жосықсыз қызмет көрсетушілерге айыппұл салуға немесе сотқа беруге шақырды. Кездесу қорытындысында еңбек жағдайлары мен қайта өңдеу инфрақұрылымын жақсарту жолдарын талқылады. Қайталама шикізатты сұрыптау мен қалдықтарды бөлек жинау бойынша пилоттық жобаларды тұрғындар мен ұйымдарды тарта отырып іске қосу жоспарланып отыр. Мәжіліс депутаттары бұл мәселені заңнамалық тұрғыдан жетілдіру бағытында жұмыс жүргізіп жатыр.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ТҮЛҒА

ӘДІЛДІК
ӘРКІМНІҢ ЖҮРЕГІНДЕ

Әділдік туралы әңгіме естісем, нағашым айтқан бір ауыз сөз еріксіз ойға оралады. Ол кезде 5-6 жастағы баламын. Ақтөбенің ең шалғай ауданына қарасты «Нұра» ауылында жаңа жылға арналған шырша мерекесі өтіп жатты. Шынымды айтсам, мен бұл мерекені «тәттіге әбден тоятын күн» деп ойлайтынмын. Сақал-мұрты аппақ күмістей Аяз ата шыршаны айналып жүр. Ауылдың батылдау балалары қасына барып, тақпақ-ән айтып сыйлық алып мәз болуда. Ал маған олар сияқты ортаға шығып өжет болу қайда?!

Үйде ата-әжеме жасайтын еркелігім есіктен шыққанда жайына қалатын. Үнсіз бір бұрышта отырмын. Тәттілерін алып мәз болған балаларға қарап тамсанып қоям. Бір кезде ауылдың білдей бас рабочкомы (совхоздың жұмысшылар комитетін басқарушы) Аяз атаның қасындағы қораптан бірнеше сыйлықты қос қолдап алып, туыскандарының балаларына үлестіріп жатты. Сол сәтте менің миыма «мәссаған, тақпақ айтпай-ақ сыйлық алуға болады екен ғой!» деген ой келді. Жалма-жан орнымнан ұшып тұрдым. Сол жылдары ауылда партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқаратын нағашымның қасына бардым да құлағына сыбырлап:

– Көке, маған да Аяз атадан сыйлық алып беріңізші, – дедім.

– Сыйлықты ән мен тақпақ айтқандарға ғана береді. Тұр да тақпақ айт, – дегені көкем әлгі жерде, мен ойламаған мінез көрсетіп.

– Жаңа ғана рабочком ағай туыстарына алып берді ғой, өз көзіммен көрдім. Сіз де бастықсыз ғой маған да бір сыйлық алып бере салыңызшы, – дедім жалынышты үнмен үмітімді үзбей.

– Жоқ, олай істей алмаймын. Тақпақ айтаң аласың, алмасаң үйге бос қайтасың, – деді зекіп.

Ал керек болса, үміт үзілді, ішім жанып барады. Бір жағынан, өзімнің ұялшақтығыма да ренжіп қоям. Екінші жағынан, нағашыма деген өкпем қара қазандай. Не істейсін, ызадан жарылардай болып, аузым бұртиып үйге қайттым. Есіктен кіре еңіреп әжемің етегіне қойып кеттім. Жаңа жылдың қызығынан қалып қойғаным, сыйлық алмағаным, тәтті кәмпит жемегенім есіме түсіп, бір армансыз өкіріп жыла-



дым. Мен осы сәттен бастап еңбексіз ештеңе болмайтынын жұдырықтай жүрегіммен ұқтым. Шырша мерекесі өзіме өмірлік сабақ болды. Сол жолы маған үлкен адамдай қарап, әділдік дегенді іс-әрекетімен, қатал мінезімен көрсеткен нағашыма күні бүгінге дейін ризамын.

Әңгімеге арқау етіп отырған нағашым – Отарбек Пірімжанұлы еңбегіне адал, жұмысына өте жауапкершілікпен қарайтын сан мыңдаған адамның бірі ғана. Бірақ осындай адамдардың адал ниетінен қоғамда «әділдік» ұғымы орнайды. Айтайын дегенім, сол принципшіл мінезінен ол әділет саласын таңдады. Алдымен Қызылорданың гидро-мелиоративтік техникумын аяқтап, «Нұра» ауылын өркендетуге еңбек етті. Кейін өзінің қалаған сүйікті кәсібін бет бұрды. 1983 жылы қазіргі Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін тәмамдады. Барлық саналы ғұмырын прокуратура саласына арнап, заңдылық пен әділдіктің салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты.

40 жылға жуық Ақтөбе облыстық прокуратурасында еселі еңбек етті. Облыстық қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімінің аға

прокуроры, Шалқар, Байғанин, Алға аудандық прокуратурасында прокурордың көмекшісі болды. Сол жерден абыроймен зейнеткерлікке шықты. Әйтсе де, күні бүгінге дейін өзі қызмет еткен Алға аудандық прокуратурасы мол тәжірибесін бөлісіп отыруға жиі ұсыныс жасайды екен. Осыдан асқан не абырой, не атақ керек адамға?! Отарбек Пірімжанұлының қажырлы қызметін әріптестері жоғары бағалап келеді,

халқына еткен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Заңдылық пен әділдікті ту еткен жауапты қызметінің жемісі, өмірлік тағылымы, терең білімі күні бүгінге дейін елінің игілігіне жарап тұр.

– Қиындығы мен жауапкершілігі мол прокурорлық қызметте табандылық пен кәсібиліктен басқа адамға қандай қасиет керек, – дедім бірде Отарбек Пірімжанұлына. Ұзақ ойланып барып – қанша заңды алға тартқанмен, кейде адамгершілік деген ұлы қасиеттен аттап кетпеу керек. Бұл ұғым заң саласында жүрген тек менің ғана емес, кез келген адамның ойы мен санасынан өшпеуі тиіс. Биік парасаттылық пен қарапайым құндылықты өзінің қағида-сына айналдырған адамға кез келген істің шешімі табылады, – деді жымиып.

Ойланып қалдым, бала кезімде әділ болуды бір ғана әрекетімен миыма шегелеп тастаған ағамның тағдырдың талай бұралаңын көрсе де, өмірлік қағидасын ешқашан өзгертпей келе жатқанына қайран қалдым. Тектіліктің кірпіші қайсар мінезден қаланатынына тағы бір көз жеткізгендей болдым.

Гүлжайнар СҮЛЕЙМЕНОВА,
журналист
АСТАНА ҚАЛАСЫ

БАСТАМА

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ –
ТАРАПТАРДЫҢ ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІ

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексі қабылданған он жыл ішінде 44 түзету мен толықтыру енгізілген екен. Осылайша, 2022 жылы азаматтық іс жүргізу заңнамасына эксаумақтық соттылық институты енгізілді.

Эксаумақтық соттылық – бұл істі тараптардың тұрғылықты жеріне немесе мүлкінің орналасқан жеріне қарамастан сотқа беру мүмкіндігі, көбінесе сот жұмыс жүктемесін оңтайландыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін мамандандырылған компьютерлік бағдарламаны пайдаланады. Қазақстанда тараптар өзара келісім бойынша (ерекше жағдайларды қоспағанда) істі ІТ жүйесі арқылы тағайындайтын басқа сотты таңдай алады.

Эксаумақтық соттылықтың мақсаты соттарға түсетін ауыртпалықты азайту, жүйеге сенімділікті арттыру және тараптардың судьяны таңдауға әсерін жою.

Істерді эксаумақтық соттылықпен жіберу Азаматтық процестік кодекстің 32-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгертіп, эксаумақтық соттылықты таңдай алады. Осы кодекстің 31-бабында белгіленген соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды.

Тараптар экс аумақтық соттылықты қолдануға өтініш береді, ал іс ІТ жүйесі арқылы олардың тұрғылықты жеріне қатысы жоқ басқа сотқа беріледі. Талапкер өтініш жасағанымен, соңғы шешім екі тараптың келісімімен немесе жүйе арқылы автоматты түрде қабылданады.

Эксаумақтық соттылық әкімшілік және азаматтық істерге (экономикалық дауларды қоса алғанда) енгізілді. Келісімшарттық юрисдикция кезінде тараптар сотты өздері таңдайды, ал эксаумақтық соттылық бойынша жүйе істерді сот жүктемесіне қарай бөледі. Бұл тетіктің артықшылығы тараптар орналасқан жеріндегі сотқа қысым жасау мүмкіндігін жояды, іс тезірек қаралатын басқа аймақтағы сотты таңдауға мүмкіндік береді және сот процесінің ашықтығы мен бейтараптығын арттырады.

А.САЛИХОВА,
Жәнібек аудандық сотының Сот әкімшісі басшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БЫЛГЕН ЖӨН

Мемлекеттік баж – уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫҢ
МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Салық кодексінің 610-бабы бойынша сотқа берілетін әкімшілік талап қоюлардан, талап қоюлардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша, сот бұйрығын шығару туралы, атқару парағының телнұсқасын беру туралы, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтарған беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

1) егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, мүліктік сипаттағы талап қоюлардан: жеке тұлғалар үшін – талап қою сомасының 1 пайызы, 10 000 АЕК-тен аспайтын мөлшер; заңды тұлғалар үшін – талап қою сомасының 3 пайызы, 20 000 АЕК-тен аспайтын мөлшер;

2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне және шешімдеріне шағымдардан – 0,3 АЕК;

3) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне және шешімдеріне шағымдардан – 5 АЕК;

4) тексеру актілері бойынша хабарламаларға деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша хабарламаларға дау айту туралы әкімшілік талап қоюлардан: дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары үшін – хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлды қоса алғанда) даулы сомасының 0,1 пайызы, бірақ 500 АЕК-тен аспайтын мөлшер;

5) некені бұзу туралы талап қою арыздарынан – 0,3 АЕК.

Неке бұзылған кезде мүлік бөлінген жағдайларда баж осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес талап қою бағасынан айқындалады;

6) тұрғынжайды жалдау шартын өзгерту немесе бұзу, мұраны қабылдау мерзімін ұзарту, мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қою арыздарынан және мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап қою арыздарынан – 0,5 АЕК;

7) осы тармақтың 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көрсетілген-

дерді қоспағанда, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің шеңберінде ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан, әкімшілік талап қоюлардан – 0,5 АЕК;

8) төрелік шешімдерінің күшін жою туралы өтінішхаттардан – Қазақстанның сотына мүліктік емес сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан сотына мүліктік сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған соманы негізге ала отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінің – 50 пайызы;

9) сот бұйрығын шығару туралы арыздардан – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік баж мөлшерлемелерінің 50 пайызы;

10) атқару парағының телнұсқасын беру, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан – 5 АЕК;

11) сот актілерінің көшірмелерін, сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалардың өтінімі бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтардан беру туралы арыздардан – әрбір құжат үшін 0,1 АЕК, сондай-ақ әрбір дайындалған бет үшін 0,03 АЕК;

12) заңды тұлғаларды банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы арыздардан – 0,5 АЕК;

12-1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыздардан – 0,3 АЕК;

13) абыройды, қадір-қасиетті және іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моральдық зиянды ақшалай мәнде өтеуді өндіріп алу туралы жеке тұлғалардың талап қою арыздарынан – талап қою сомасының 1 пайызы;

1-1. ҚР Конституциялық Сотына берілетін азаматтардың жолданымдарынан мемлекеттік баж нөлдік мөлшерлемесі мөлшерінде алынады.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік баждың нақты мөлшері 2026 жылдың айлық есептік көрсеткіш негізінде көрсетіліп отыр.

А.БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖОЛДАУ-ЖОЛБАСШЫМЫЗ

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттердің дамуы олардың жаңғыру қабілетіне тікелей байланысты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты даму жолын таңдап, кезең-кезеңімен модернизация жүргізіп келеді. Яғни, бұл – заман талабы. Әлем тез өзгеріп жатыр, ал бәсекеге қабілетті болу үшін ел де соған сай бейімделуі тиіс. 2026 жылға дейінгі кезең Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа жауапкершіліктер кезеңі болып отыр.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА САПАСЫ



Жаңғыру ол қоғамның барлық саласын заманауи талаптарға сай жетілдіру үдерісі. Ол экономикамен ғана шектелмей, білім, ғылым, мәдениет және қоғамдық сананы қамтиды. Жаңғыру ұлттық құндылықтарға қауіп төндірмей ме? Жоқ. Керісінше, дұрыс жүргізілген жаңғыру ұлттық болмысты сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстан жаңғыруды өз дәстүрі мен мәдениетін сақтай отырып жүзеге асыруды мақсат етеді. Бұл – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі. Қазақстан экономикасы ұзақ уақыт бойы шикізаттық бағытта дамыды. Алайда қазіргі кезеңде экономиканы әртараптандыру

аса маңызды. Неліктен экономиканы әртараптандыру қажет? Себебі бір ғана салаға тәуелді экономика тұрақсыз болады. Әлемдік нарықтағы өзгерістер ел экономикасына тікелей әсер етуі мүмкін. Сондықтан өңдеу өнеркәсібін, цифрлық экономиканы және инновациялық технологияларды дамыту – тұрақты дамудың кепілі. 2026 жылға дейін цифрландыру, шағын және орта бизнесті қолдау, инновацияны енгізу экономикалық өсудің негізгі тетіктері болып табылады. Экономикалық даму халықтың өмір сапасын арттырумен тікелей байланысты. Осы тұрғыда білім беру мен денсаулық сақтау салаларына

өмір сүру ұзақтығына оң әсер етеді. Жаңғыру тек материалдық өзгерістермен шектелмеуі тиіс. Қоғамдық сана да жаңа деңгейге көтерілуі қажет. Бұл – әр азаматтың жауапкершілігін арттыру, білімге ұмтылу, еңбекқор болу және ел болашағына бей-жай қарамау. Рухани жаңғыру қоғамның ішкі бірлігін нығайтып, тұрақты дамуға негіз болады. Ең алдымен – халық. Өйткені экономикалық тұрақтылық, сапалы білім, қолжетімді медицина және рухани дамыған қоғам – әрбір азаматтың өмір сапасын арттырады.

Қазақстан жаңғыру жолында ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, заманауи әрі бәсекеге қабілетті мемлекет болуға нық қадам басуда. Бұл үдерістің табысты болуы – мемлекет пен қоғамның ортақ еңбегінің нәтижесі.

Мерей БЕЙСЕТБАЙ,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы,

Ернұр ОҢДАШҰЛЫ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
4 курс студенті



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Әсіресе Жоғарғы Сот тарапынан цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект жетістіктерін енгізуде ауқымды жұмыстар қолға алынды. Жоғарғы Соттың Ахуалдық орталығына түскен электрондық құжаттарды өңдеу нәтижесінде шешімдерді жинақтап, жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, судьялардың «цифрлық көмекшілерін» енгізуге мүмкіндік пайда болғанын айта кеткен жөн. Соның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолданысқа енгізілген «цифрлық сот талдауы» жүйесінің шоктығы биік. Бұл жүйе сот актілерінің мәтіндеріндегі түйінді сөздерді бірден тауып, судьяларға сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, ауытқуларды анықтауға және азаматтық істің нәтижесін болжауға көмектеседі. Мұндай жаңашылдық сот актілерінің үлгісін тереңірек және дәлірек түсінуге жол ашады әрі сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етіп, судьяларға ұқсас істердің нәтижесін қарап, сауатты, сапалы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Роботтандыру сот жұмысын айтарлықтай жеңілдетері анық. Сондықтан бұл бағыттағы ізденістер биылғы цифрландыру жылында да жалғасын тауып, халық игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

– *Сот жұмысының басты қазысы да, сыншысы да – халық. Облыстық сот төрағасы ретінде азаматтарды жеңі қабылдайсыз ба? Халықтың пікірін, ұсынысын қанышалықты ескересіз?*

– Азаматтарды қабылдау – сот ашықтығының кепілі. Сот жүйесі ашық қана емес, халыққа қолжетімді де болуы керек. Сондықтан тұрғындарды белгіленген уақытта жеке қабылдап, құқықтық кеңес беруге тұрақты көңіл бөліп келеміз. Бұдан бөлек, аудандарға барып, жергілікті халықпен жүздесуді, пікір-ұсыныстарын тыңдауды дәстүрге айналдырғанбыз. Қабылдау барысында азаматтардың қойған сауалдарына тыңғылықты жауап беріп, құқықтық, заңдық кеңес береміз. Мұндай кездесулердің пайдасы аз емес. Бұл біріншіден судьялар мен сот қызметкерлерінің жетістігі мен кемшілігін саралауға, соған орай нақты шараларды қолға алуға ықпалын тигізеді. Екіншіден, біз азаматтар қойған сауалдарға мониторинг жасай отырып, қандай бағытта құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін анықтаймыз.

Батыс Қазақстан облыстық сотының жұмысына қатысты ақпараттар ашық әрі қолжетімді. Әлеуметтік желілерді тұрақты бақылап отыратын азаматтар да сот ісінен жан-жақты хабарлар бола алады. Мәселен, біздің судьялардың қатысуымен «Судья түсіндіреді» деген құқықтық хабар дайындалады. Онда жаңа заңдардың маңызы, қолданыстағы заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дер кезінде түсіндірме беріліп, кейбір заң баптарын тәжірибеде қолданудың тетіктері сарапқа салынады. «Сот залынан» деп аталатын арнайы шығарылымның да

халықтың құқықтық сауатын көтеру дегі маңызы орасан. Бұл хабарларда ең жиі қаралатын, ең шулы істерді назарға ала отырып, азаматтарға нақты жағдайға қарай заңдық қадам жасаудың қыр-сырын үйретеміз.

– *Сот – дау алаңы. Ал дауды сот алаңында шешу көп уақыт алатыны, қаржылық қиындық тудырып, жүйкеге салмақ салатыны ешкімге жасырын емес. Ел ішіндегі сыйластықты сақтап, дауқестікті азайту, сот жүктемесін мейлінше төмендету мақсатында медиация институтының енгізілгені мәлім. Татуластыру тетіктерін тараптар жеңі қолдана ма?*

– Жалпы, бітімгершілік – төрелік етудің озық өнегесі. «Кең болсаң, кем болмайсың» дегенді ұрпағының құлағына құйып тәрбиелеген халық үшін бітімгершілік басты орында болып келгені рас. Тентегін түрмесіз-ақ тәрбиеленген қазақ даласында даулардың ортақ мәмілемен біткені шындық. Ендеше, аты таңсық көрінгенмен, медиация – қазақ билерінің төрелік ету

Азат ИЗБАСАРОВ, Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы:

«СУДЬЯ ҮШІН ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫНАН АРТЫҚ МАРАПАТ ЖОҚ»

дәстүрінің жалғасы. «Медиация туралы» заң медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды.

Дауларды сотқа дейін шешудің тиімді тетігі ретінде тәжірибеге енгізілген медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады. Аталған заңға сәйкес, медиация – жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, құқықтық қатынастарға, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларға тараптардың ниеті болған жағдайда қолданылады. Медиация еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық қағидаттары негізінде жүргізіледі.

Қай уақытта да даудың бітіммен аяқталуы үлкен жеңіс. Медиация арқылы бітімге келіп аяқталып жатқан әрбір іс, ең алдымен тараптарға тиімді. Облыстық сот тарапынан соттағы және соттан тыс бітімгершілік рәсімдеріне ерекше көңіл бөлінуде, бұл бойынша апта сайын мониторинг жүргізіліп, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар дайындалады.

– *Ал медиация бойынша көрсеткіштер көңілден шыға ма?*

– Бүгінде азаматтық сот өндірісін-



де дауларды татуласу арқылы шешу – сот жүйесінің маңызды бағытының бірі. Татуластыру рәсімдері қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға, азаматтардың уақытын үнемдеуге және сот жүктемесін азайтуға бағытталған тиімді құрал десек шындықтан алыстамаймыз. Азаматтық процесте құқықтық механизмдер татуластыру рәсімдері, тараптар арасындағы дауды өзара келісім арқылы реттеу, соттың қатысуымен немесе сотқа дейінгі кезеңде шешуге мүмкіндік береді.

2025 жылдың 9 айында облыс соттарында барлығы 12 220 іс қаралды (2024 ж. – 10145). Оның ішінде талап қою өндірісі бойынша – 6433 (2024 ж. – 5452) бұл жалпы аяқталған істердің 52% (2024 ж. – 54%) құрайды. Аяқталған істер санының 20,5% -ға артуы сот жүктемесінің өскенін көрсетеді. Ағымдағы жылда медиация рәсімі арқылы аяқталған істер саны 2733-ке жетіп, өткен жылмен салыстырғанда (2024 ж. – 2078) едәуір артты. Бұл жалпы аяқталған істердің 42,2%-ын құрайды (2024 ж. – 38%) және татуласу рәсімдерінің тиімділігі нығайғанын көрсетеді. Оның ішінде талаптан бас тартуға байланысты тоқтатылған істер 44 (2024 ж. – 48) болса, бітімгершілік келісімдері – 178 (2024 ж. – 96), медиация рәсімі – 1756 (2024 ж. – 1178), ал партисипативтік рәсім 5 (2024 ж. – 8) істі құрап отыр. Сонымен қатар, қараусыз қалдырылған талап-арыз саны – 405 (2024 ж. – 560), талапкерлердің өтініші бойынша қайтарылған істер саны 340-қа жетті (2024 ж. – 186), бұл 83%-дық өсімді көрсетеді. Осының өзі азаматтардың дауды өзара келісіммен

шешуге ұмтылып отырғанын дәлелдейді.

Медиация мен бітімгершілік келісімдер ең белсенді қолданылатын рәсімдер саналады. Медиация арқылы аяқталған істердің саны 49%-ға өсті, ал бітімгершілік келісімдер 1,9 есеге көбейіп, 178-ге жетті. Талап-арызды қараусыз қалдыру мен талаптан бас тарту жағдайларының азаюы азаматтардың сот дауын ұзаққа созбай, процесті келісіммен шешуге басымдық беріп отырғанын көрсетеді. Жалпы, 2025 жылдың 9 айында татуласу рәсімдерінің қолданылуы жағымды өзгерістерді көрсетіп, азаматтардың дауды келісіммен шешуге деген сенімінің артқанын дәлелдейді.

– *Халық сот жұмысымен етене таныссын, судьялар қызметінің жауаптылығын, маңызын сезінсін деген мақсатпен тәжірибеге алқабилер институты енгізілген еді. Аймақта алқабилер қатысқан сот істері көп пе?*

– Біздің елімізде алқабилер соты 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап тәжірибеге енгізілді және 19 жыл ішінде қоғамға керек екенін көрсетті. Осы уақыт аралығында еліміздің көптеген азаматы сот төрелігін жүзеге асыруға тікелей қатысуға мүмкіндік алды.

Алқабилер соты – азаматтарға сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу құқығын беретін институт. Ол – жарыспалылық, тәуелсіздік, объективтілік және кінәсіздік презумпциясы сияқты қағидаттарға негізделеді. Қарапайым азаматтардың сот отырысына қатысуы қылмыстық сот ісін жүргізу саласында объективтілікті, бейтараптылықты

және халықтық бақылауды қамтамасыз етеді. Батыс Қазақстан облысында алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау тек қана қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың құзыретіне жатады. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша облыс соттарында алқабилердің қатысуымен 17 қылмыстық іс қаралды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2 есеге көп болып отыр. Былтыр алқабилердің қатысуымен тек 7 қылмыстық іс қаралған болатын. (2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша апелляциялық сатыда 2 сот үкімінің күші жойылған. 2024 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша апелляциялық сатыда өзгертілген және күші жойылған сот актілері болмаған).

Мұндай көрсеткіш сотталушылардың алқабилерге деген сенім деңгейінің артқанын, сондай-ақ осы санаттағы сот процестерін ұйымдастыру және жүргізу бойынша сот жұмысының бір арнаға түскенін көрсетеді.

– *Судьяларға қатысты сын айтып, мін теретіндер аз емес. Ал білікті, сауатты судьялардың жұмысын дәріптеп, ризашылығын білдіретін, алғыс айтатын азаматтар бар ма?*

– Кез келген судья үшін халықтың алғысынан артық марапат жоқ. Әри-

не, бүгінгідей қоғамда азаматтардың жақсы сөзге, жылы лебізге сараң болып кеткенін мойындауымыз керек. Десек те, Батыс Қазақстан облыстық сотының судьяларына алғысын айтып, жүрекжарды тілегін жолдаған азаматтар аз емес. Айталық былтыр Е-Өтініш арқылы, сондай-ақ арнайы хатпен және әлеуметтік желі арқылы сот төрелігін жүзеге асыру барысында жоғары кәсібилік танытқан бірқатар судья мен сот қызметкерлеріне алғыс хат жолдағандар болды. Бұл біздің судьялар мен сот қызметкерлерінің адал еңбегіне берілген жоғары баға десек қателеспейміз.

Соның бір мысалы, Батыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Ұлмаш Жардемова Батыс Қазақстан облыстық сотының судьясы А.Жұмағұловаға жауаптылығы мен сауаттылығы, өз кәсібіне деген адалдығы үшін алғыс айтқан. Бұл біз үшін де үлкен жетістік. Себебі, әріптестерінің көпшілік ризашылығына бөленуі өзге судьялар мен сот қызметкерлеріне тамаша үлгі болары даусыз.

– *Уақыт тауып сұхбат бергеніңіз үшін көп рақмет! Халықтың алғысына бөлене беріңіздер!*

Айнұр САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ, «Заң газеті»



КЕЛБЕТ

Өмірдің әр кезеңінде өз ісіне адалдық танытып, айналасына үлгі болып жүрген жандар аз емес. Осындай жанның бірі – әділдік пен адалдықты өмірлік ұстаным еткен, Қазақстан Республикасы қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының судьясы Нұрлан Өміртайұлы асқаралы 60 жасқа толып отыр.

КӘСІБІ ШЕБЕРЛІК ТӘЖІРИБЕМЕН КЕЛЕДІ

Нұрлан Өміртайұлы 1966 жылғы 10 қаңтарда Қызылорда облысы, Теренөзек ауданы, Қараөзек ауылында дүниеге келген. Ауылдағы үлкендердің ақылы мен өнегесі, ата-ананың берген тәрбиесі бойынша адалдықты, шыншылдықты, әділдікке деген талапты ұялатты. Бұл қасиеттер кейін оның бүкіл өмір жолының темірқазығына айналды.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетін тәмамдаған соң, Нұрлан Өміртайұлы кәсіби еңбек жолын құқық қорғау органдарынан бастады. Прокуратура саласында еңбек ете жүріп, әр

істің мән-жайын терең талдауды меңгерді. Бұл тәжірибе болашақ судья үшін кәсіби шеберліктің іргетасы болған еді.

Нұрлан Өміртайұлының сот жүйесіне ауысуы оның еңбек жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. 1997 жылдан бастап Қармақшы аудандық сотының судьясы қызметіне тағайындалып, сот төрелігін жүзеге асыру жолына нық қадам басты. Кейін 1999 жылдан Қызылорда облыстық сотының судьясы ретінде күрделі, жауапты істерді қарауға қатысты. Ал, 2009 жылы Жаңақорған аудандық сотының төрағасы лауазымына тағайындалып, ұйымдастырушылық

және басқарушылық қабілеттерін көрсете білді. Ұжымдағы тәртіпке, жауапкершілікке ерекше мән беріп, сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды қарқынды жүргізді. Әріптестерінің пікірін

тыңдай білетін, әділ талап қоя алатын басшы ретінде абыройға ие болды.

Кейінгі кезеңде өз тәжірибесін республика көлемінде шырдап, 2013 жылы Ақмола облыстық сотының судьясы, 2018 жылдан бастап Қызылорда облыстық сотының судьясы болып еңбек етті. Ал, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап Президент Жарлығымен жаңадан құрылған ҚР қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының судьясы лауазымына тағайындалып, азаматтардың құқықтары мен босандықтарын қорғау қызметін одан әрі жалғастырып, әділдік пен заң үстемдігін сақтау жо-



лында табанды еңбек етіп келеді. Оның тәжірибесі мен кәсібилігі сот төрелігін қамтамасыз етуге, қоғамдағы сенім мен тұрақтылықты нығайтуға зор үлес қосып отыр. Сонымен бірге, ол өзінің тәжірибесін бөлісу де азаматтық борышы санап, жас судьяларға ақыл-кеңесін беріп, бағыт-бағдар көрсетіп отырады. Қарапайымдылықты сақтай отырып, әділдік пен заңға деген құрметті бәрінен биік қояды.

нағрадалды.Бұл марапаттар – судьяның әділдік жолындағы табанды еңбегіне, кәсіби адалдығына берілген жоғары баға. Әрбір марапаттың артында табандылық, адам тағдырына деген жауапкершілік жатыр.

Нұрлан Өміртайұлы – қызметте білікті, тәжірибелі және әділ судья болса, отбасында асыл жар, ардақты әке және аяулы ата. Жұбайымен бірге ұл-қыздарын тәрбиелеп өсіріп, оларды мейірім мен ізгілікке баулыған өнегелі отбасы ретінде көпшілікке үлгі.

Жалпы алғанда, Нұрлан Өміртайұлының еңбек жолы, өмірлік ұстанымы мен парасаттылығы оның азаматтық тұлғасын айқын көрсетеді. Осы ретте мерейлі 60 жасқа толған Нұрлан Өміртайұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, ұзақ ғұмыр және күш-қуат, әділдік жолындағы қызметіне абырой тілейміз!

Ізгі тілекпен, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының ұжымы

ЭКОНОМИКА

ИНВЕСТИОРЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Соңғы жылдары Президентіміз елге инвестиция тарту, тұралап қалған бизнес пен отандық кәсіпкерлікті жандандыру мәселелерін жиі көтеріп жүр. Осыған орай жергілікті атқарушы билік өкілдері мен республиканың барлық аймағындағы бизнесмендер алыс жақын шетел инвесторларымен іскерлік қарым-қатынастар орнықтырып, өртүрлі деңгейдегі кәсіпкерлікті дамытуға бір кісідей атсалыса бастады.

Қазір Қазақстанның барлық аймақтарында ауылшаруашылығы болсын, өндіріс пен шикізат тарту, импорт экспорт мәселелерінде алға ілгерілеу байқалады. Туризм саласы да қазір белсенді даму үстінде. Мұның бәрінде кәсіпкерліктің үлесі зор. Осы тұрғыда ресейлік, қытайлық, қырғызстандық, өзбекстандық, корейлік тағы басқа да алыс жақын мемлекеттер тарапынан инвестиция дәлізі қаланып, іскерлік экономикалық бағытта әртүрлі меморандумдарға қол жеткізілді. Қазақстанның барлық өңірлеріндегі әкімдер есебіне назар салсаңыз, аймақтардың басым бөлігінде әлеуметтік, экономикалық, іскерлік бағытта өте жоғары мөлшердегі инвестициялық бағдарламалар басталған. Миллион, миллиардтық жобалардың жұмыстары атқарылып, игеріле бастады. Республика көлемінде қарасак, статистикалық деректер елдегі жұмыссыздықтың үлесі осындай инвестициялық жобалар есебінен біршама азайғанын көрсетті. Жұмыс орындарының саны арта бастаған. Білікті мамандар тартылып, маңызды жобаларға арнайы қызметкерлер алынған. Алайда, кез келген мәселенің екі ұшы болатыны секілді олардың қауіпсіздігі мен ары қарайғы перспективасы да мемлекетті алаңдатады.

Қазақстанда экономиканың сенімді тіреуіші есебінде қалыптасып отырған бұл мәселе жаңа жылдан бастап тіпті қарқынын үдетті. Мемлекетте индустриялық аймақтарды жедел дамытуға және инвесторлардың ұзақмерзімді қатысуы үшін тұрақты жағдайлар қалыптастыруға бағытталған «Қолжетімділік үшін төлем» атты инвестиция тартудың жаңа тетігі енгізілді. Мәселен, бұл пилоттық жоба Батыс Қазақстан облысында «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы» индустриялық аймағының аумағында іске асырылуда. Мұнда болашақта шетелдік инвесторлардың қатысуымен 17 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Нарықтағы мұндай батыл қадамдар елдің барлық өңірінде жүріп жатыр. Қазақстанның қаржылық әлеуетін көтерудегі инвесторлықтың орны мен қажеттілігі әр өңірде жүзеге асып жатқан осындай ауқымды шаралардан көрінеді. Бұндай ірі көлемдегі қаржылық айналымдар маңында әртүрлі құқықбұзушылықтардың болатыны да жасырын емес. Осы ретте, Мемлекет басшысы ҚР Прокуратурасына кез келген кәсіпкерлік пен барлық инвестордың мүддесін қорғау жөнінде арнайы тапсырма берген. Сол себепті де құқықорғау органдары кәсіпкерлікті ерекше бақылауда ұстайды.



Желтоқсан айында Мемлекет басшысының жарлығымен Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында инвестициялық омбудемен функциялары Бас Прокурорға жүктелді. Өңірлерде инвестициялық прокурорлар жұмысын бастайды.

Желтоқсанда Бас прокуратурада Инвестициялар комитеті мен «Kazakh Invest» ұлттық компаниясының өкілдері қатысқан жұмыс кеңесі өтіп, сол жиында инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейту және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу тиімділігін арттыру мәселелері қаралған.

Жаңа құрылған комитеттің негізгі міндеттеріне не кіреді, саны көп сапасы жоқ мекеменің бірі емес пе деген көңіліндегі сауалға прокуратура өкілдері ол міндетке не кіретінін айтты: инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы жоғары қадағалауды жүзеге асыру; инвесторлардың құқықтарын қорғау, олардың бұзылуының алдын алу және жолын кесу; құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ олардың салдарын жою; осы салада басшылық пен салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету; инвесторлардың қатысуымен дауларды сотқа дейін реттеу; орындауға міндетті нұсқамалар мен тапсырмалар шығару; инвесторлардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты үйлестіру және жүзеге асыру, сондай-ақ басқа да міндеттер.

— Қадағалау шаралары нысаналы әрі алдын алу сипатында болуы тиіс. Біздің міндетіміз — құқық бұзушылықты болғаннан кейін жазалау емес, заңсыз шешімдердің алдын алып, әділеттілікті уақытылы қалпына келтіру,— деді осы мәселеге қатысты Бас прокурор Берік Асыллов.

Бас прокуратура инвесторлар

құқығын қорғау бойынша алғашқы есебін де мәлімдеп үлгерді. Ол есеп бойынша: — «Прокурорлық сүзгі» тетігі енгізілді, ол инвесторлардың құқықтарын қозғайтын мемлекеттік органдардың шешімдерін прокурормен міндетті түрде келісуді көздейді. Аталған тетік енгізілген сәттен бастап прокурорлармен 1 100 шешім келісілмей қайта-

рылып, 400 тексеру, 480 әкімшілік іс жүргізу және 210 өзге де шектеу шараларының жолы кесілді.

Прокуратура іс қимылының арқасында азаматтық даулардың саны 32%-ға, ал инвесторлардың соттарға жүгінуі 33%-ға қысқарған.

Инвесторларға қатысты тағы бір жағымды жаңалық ол «Жасыл дәліз» тетігі. Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп ірі халықаралық және жоғары технологиялық инвесторларды қолдауға бағытталған «Жасыл дәліз» тетігі іске асырыла бастады. Бұл тетікке 137 инвестициялық жоба енгізіліп, олар бойынша 16 мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Аталған механизмді одан әрі кеңейту жұмыстары жалғасып жатыр.

Мемлекет үшін, халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатындағы инвесторлық секторында қазіргі уақытта прокурорлар жалпы құны 76 трлн теңге болатын 1 790 инвестициялық жобаны қадағалауда. Жалпы сомасы 23 трлн теңге болатын жобаларды іске асырып жатқан шамамен 2 мың инвесторға нақты құқықтық көмек көрсетілген.

Прокурорлық қадағалау шаралары бойынша кәсіпкерлердің әкімшілік кедергілер мен негізсіз созылып кеткен мәселеге қатысты 145 проблемалық мәселесі шешілсе, инвесторлардың өтініштерін қарау кезінде созылып кеткен мәселе мен кедергі үшін 326 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылған.

Ел игілігі үшін салынып жатқан инвестицияларды қорғау саласында мүдделі мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың одан әрі жанданып, кәсібилене түсуі, нақты жолға қойылып, жауапкершілік аймақтарының міндеттемелерінің артуы Қазақстан экономикасының сипатын өзгертіп, жаңа белеске көтереді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Құтқару қызметіне қолдау жоғары

Алматыда қала әкімі Дархан Сатыбалды мен ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің қатысуымен азаматтық қорғау жүйесінің бірден екі маңызды нысаны — «Shymbulak» тау-шаңғы курортына іргелес таулы аумақта орналасқан әмбебап құтқару бөлімшесі және қаланың іскерлік құрылыс аймағында орналасқан №15 өрт сөндіру бөлімшесі салтанатты түрде ашылды.

Биік таулы аймақта құтқару бөлімшесін ашу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылды. Президент туризмді дамыту барысында адамдардың қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында тұруға тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Ұзақ уақыттан кейін алғаш рет таулы аумақта күрделі табиғи және климаттық жағдайға бейімделген мамандандырылған бөлімше пайдалануға берілді.


Т.ИБАШЕВА
Алматы қаласы

Есірткі елге қатер

Астанадағы №112 мектепте «Құқықтық мәдениет және жауапты азаматтық позиция» тақырыбында оқушыларға арналған дәріс өтті.

Іс-шараға қоғамдық бірлестік мүшелері, қорғаушылар мен істі болған балалардың ата-аналары, ішкі істер саласының маманы, прокурор қатысты. «Жасыл желкен» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Гүлзат Алмажанова есірткі қылмысына қатысты құқықтық ақпараттандыру жұмысына белсенді араласып жүргенін айтады.

«Жастарымызға індет болып жабысып отырған үлкен мәселе — есірткі. Ақшадан қысылып жүрген жастар оңай ақша табудың жолын іздеп, осындай жағдайға ұрынады. Мұның астарында құмар ойынға тәуелділік жатыр. 10 жастан бастап, мектеп оқушылары әртүрлі платформаларда ойын ойнап, кейін әртүрлі автоматтардағы ақша тігетін ойындарға жалғасады. Егер осындай қиын жағдайға тап болса, сенім телефондарына хабарласуы керек. Немесе жақындарына айтып, жағдайды ушықтырмай шешуі керек. Бір топ ата-анамен бірге 6 республикалық деңгелек үстел өткіздік. Бұл бір адамның емес, бүтін бір әулеттің мәселесі. Осылай құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы, ақпараттық қолдаумен қаншама жастың өмірін сақтап қаламыз», — дейді қоғамдық бірлестік төрайымы.



А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

203 отбасы баспаналы болды

Шымкентте 203 отбасыға Бозарық шағынауданынан баспана кілттері табысталды. Іс-шараға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысып, жаңа пәтер иелерін құттықтады, шаңырақтарына бейбітшілік пен молшылық тіледі.

Пәтерлер баспана кезегіндегі азаматтарға «Отбасы банк» АҚ арқылы «2-10-20» және «5-10-20» жеңілдік шарттарымен берілді. Қоныстанушылар арасында ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, көп балалы және толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың қызметкерлері бар.

Қала әкімі қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету — Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындаудың маңызды бөлігі екенін және қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Инвотакси үлкен сұранысқа ие

Жетісу облысында 2025 жылы мүгедектігі бар адамдарға инвотакси қызметі 109 749 рет көрсетілген. Жалпы, өңірде инвотакси саны облыс құрылғалы бері екі есеге өсіп, 32-ге жетті,— дейді Жетісу облысы әкімдігі.

— 2025 жылы инвотакси қызметін көрсету үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 275,8 млн теңге қаражат қарастырылды. Облыс көлемінде осындай қызметті 7 үкіметтік емес ұйым жүзеге асырады, соның екеуі Талдықорған қаласының үлесінде, — деп атап өтті облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Инвестициялық жобалар көлемі артты

Биыл Алматы облысы үшін халықаралық инвестициялық ынтымақтастық негізгі бағыттардың біріне айналды. Өңір шетелдік және отандық серіктестермен жасалған келісімдерді бекітіп, ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға және ұзақ мерзімді экономикалық әріптестікті дамытуға жағдай жасап отыр.

Жыл қорытындысы бойынша ынтымақтастық пен инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты 40 меморандумға қол қойылған. Бұл құжаттар бойынша жоспарланған инвестициялардың жалпы көлемі 1,2 триллион теңгеден асады. Келісімдер облыс экономикасының маңызды салаларын, оның ішінде өнеркәсіп, логистика, өңдеу және инфрақұрылым бағыттарын қамтиды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қауіпсіз өңір көпке үлгі

БҚО Полиция департаментінде «Қауіпсіз өңір — сенімді болашақ» тақырыбында гибриді форматта форум өтті.

Облыс прокуроры Нұрбек Ұласбекұлы төрағалық еткен жиынға аймақ басшысы Нариман Төреғалиев, Парламент депутаттары Арман Өтеғұлов, Ләззат Рысбекова, Абзал Құспан, жергілікті мәслихат депутаттары, құқық қорғау, білім беру салалары және атқарушы құрылым өкілдері, жастар қатысты.

Жедел басқару орталығында «Қауіпсіз өңір» жобасы аясында Орал қаласында орнатылған 300 заманауи камераның жұмысы таныстырылды. Аналитикалық мүмкіндіктері бар құрылғылар 225 нүктеде қойылған. Оларды орнату үшін жалпы ұзындығы 116 шақырым жер асты желі жүргізілді. Жасанды интеллект функциясы бар камералар жол қозғалысы ережелерінің сақталуына, білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға, іздеуде жүрген күдіктілерді табуға, шартты түрде сотталғандарды бақылауға көмектесіп, қоғамдық орындардағы қауіпсіздікті қырағы қадағалайды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАДАҒАЛАУ

Жергілікті денсаулық сақтау органдарының мамандарынан құралған дәрігерлік комиссиялар әскерге шақырылатын азаматтарды медициналық тексеруден өткізіп, олардың әскери қызметке жарамдылығын анықтайды.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУ РЕТІ

Азаматтарды әскерге шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Әскерге шақыру комиссиясының төрағасы — облыс әкімінің орынбасары.

Шақырылатын азаматтардың тізімін жасау, шақыртуларды жіберу және шақырылым іс-шараларын ұйымдастыру жергілікті әскери басқару органдарының міндетіне жатады. Әскерге шақырылған азаматтар комиссиясының шақыруымен жиын пунктіне келуге міндетті.

Егер шақыртуды жеке тапсыру мүмкін болмаса, азаматтарды жеткізу міндеті ішкі істер органдарына жүктеледі. Олар әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеп, жеткізумен айналысады.

Жергілікті атқарушы органдар полициямен бірлесіп әскерге шақыру ережесін бұзған азаматтарды анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізеді. Шақырылған азаматтар жиын пунктіне өзінің әскерге жарамдылық мәртебесі бойынша тексеруден өтеді. Медициналық тексеру денсау-

лық сақтау органдарының мамандары арқылы жүргізіліп, сарбаздардың денсаулығы бағаланады, жарамдылық категориясы анықталады және олардың мерзімді әскери қызметке жарамдылығы туралы шешім шығарылады.

Заңды негіздер болса, азаматтарға әскерден кейінге қалдыру немесе босату беріледі. Жарамдылық категориясы берілген жағдайда олар ҚР Қарулы Күштеріне, басқа әскерлерге және әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке жіберіледі.

Айта кетейік, 18-ден 27 жасқа дейінгі, әскерден кейінге қалдыру немесе босату құқығы жоқ азаматтарды әскерге шақыру жылына екі рет — наурыздан маусымға және қыркүйектен желтоқсанға дейін жүргізіледі.

ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі

ТАРАТУ

39. «ГАЗБЫТКОМПЛЕКТ» ЖШС (БСН 041040007998) (Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 89-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Монтажный көшесі, 10А-үй, 34-пәтер. Тел. +7 701 799 56 40.

40. «Балабақша Нони» ЖШС, БСН 240940030756, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, Ақсу шағын ауданы, Әбілхайыр хан көшесі, 111А ғимарат. Тел. +7 775 777 01 90.

